

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ

Советова Алима Аманжоловна

alima_6991@mail.ru

7M01103 білім беру бағдарламасының магистранты Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші- М.П.Асылбекова

Ақпараттық қоғамдағы білімнің орны, дамып келе жатқан Қазақстанның қажеттіліктеріне және қазіргі заманғы әлемдік қоғамдастықтың жағдайына сәйкестігі, отандық және әлемдік мәдениеттерді жаңғырту мен байытуға қабілеттілігі, ел мен халықтың қауіпсіздігін, экономикалық өсуі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге қосар үлесі қайта қарастырылуда. Алайда, біз Қазақстан қоғамының әр түрлі салаларындағы көптеген мәселелердің елімізде өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің қалыптасқан жүйесінің толық жетілмеуіне байланысты екенін ұғынып келеміз.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру мақсат етілген. Сонымен қатар білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету міндеттелген. Осыған сәйкес бәсекеге қабілетті тұлға мен маманды қалыптастырудың негізі отбасында, қоғамда және білім беру жүйесінде қалыптасатын құндылықтар болғандықтан Қазақстанда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бекітілді. «Туған жер», «Жаһандық әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет», «Жаңа гуманитарлық білім», «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы, «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы іске асырылуда [1].

Осылайша, бүгінгі таңда өскелең ұрпақты әлеуметтендіруге, ізгілендіруге, тұлғаны дамытуға бағдарлауға, өмірлік құндылықтар жүйесін, әлеуметтік нормалар мен мәдениеттің басқа да элементтерін қалыптастыруға қол жеткізуге баса назар аударылады. Алайда, тұлғаны бағдарлау және оның білім берудегі дамуы педагогика мен психологияны одан әрі жақындастыруды және интеграциялауды, ал кәсіби педагогтерден психологиялық білім мен психологиялық құзыреттіліктің тиісті деңгейін талап етеді. Демек, бұл кез келген білім беру мекемесінің, білім беру ортасының атмосферасына, оқу-тәрбие үдерісіне психологиялық мәдениетті енгізуді қажет етеді. Ал әлеуметтену әлеуметтік-мәдени тәжірибені игеру және әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру процесі ретінде тек мәдени-білім беру кеңістігінде, отандық мәдениет алаңында ғана толыққанды және нәтижелі болады. Демек, бүгінгі күні мәдениет пен мәдени әлеуметті дамыту әлем халқы мен мемлекеттерінің көпшілігінің аса маңызды даму басымдықтарының қатарында екені даусыз.

Егер психологиялық мәдениет сияқты әлеуметтік-психологиялық феноменді зерттеудің өзектілігі мен практикалық маңыздылығы туралы айтатын болсақ, қарапайым психологиялық сауаттылықтың немесе психологиялық құзыреттіліктің жеткіліксіздігінен туындайтын мәселелердің, қиындықтардың, күйзелістердің, ауыр жағдайлардың, дағдарыстардың және тіпті жекелеген адамдардың өмірі мен қызметіндегі, жалпы қоғамның тіршілігіндегі апаттардың басты себебі болған кездерден көптеген мысалдар келтіруге болады. Бұл тақырыптың маңыздылығын ең алдымен қазіргі заманғы отбасы мысалында көрсетуге болады. Өскелең ұрпақ өміріндегі әлеуметтік бейімсізділігі, әлеуметтік

жауапсыздығы, инфантильділік, агрессивтілік, нашақорлық, қылмыстық іс-әрекет сияқты өткір мәселелерінің түп тамыры ата-аналар мен отбасының психологиялық сауатсыздығында екені анық. Ал ата-аналардың психологиялық және педагогикалық сауатсыздығынан туындаған отбасылық тәрбиенің кемшіліктері білім беру мекемелеріндегі педагогтердің психологиялық сауаттылығының және мәдениетінің төмендігімен бекітіледі және қиындатылады. И.В. Дубровиннің айтуынша, «біздің қоғамда психологиялық білім тапшылығы бар, басқа адамға қызығушылық таныту, оның жеке басының ерекшеліктерін құрметтеу, өз іс-әрекеттерін, қарым-қатынасын, уайымдарын түсіну қабілеті мен ниетінің және т.б болжайтын психологиялық мәдениет жоқ» [2, б.58].

Егер мектепте жүйелі оқытуда психологияның қарапайым негіздерін зерделеу қарастырылмаған болса, отбасында психологиялық сауаттылық қайдан пайда болуы мүмкін? Айта кетерлік жәйт, жаңа стратегияға сәйкес жаңартылған білім мазмұнында психология әлі де өз орнын таппады. Балалар мектепте физика, химия, биология, қоғамдық өмірдің көптеген заңдарын зерттейді, бірақ адам жанының заңдары мен қасиеттерін оқып зерттемейді. Қарапайым мектептерде өзін-өзі және басқа адамды түсінуге, дұрыс қарым-қатынас жасауға, диалог жүргізуге, басқа адамдармен ынтымақтасуға, олармен бірлескен қызметті жүзеге асыруға үйретпейді. Мектеп бағдарламаларында қабылдау мен ақыл-ой қызметінің мәдениетіне, уайымдар мен сезімдер мәдениетіне, еңбек пен шығармашылық мәдениетіне орын жоқ. Осылайша, өсіп келе жатқан тұлға үшін өте маңызды психологиялық білім мен білік мектеп білімінен тыс қалуда.

Жоғары оқу орындарындағы психологиялық мәдениет пен психологиялық білімнің де жағдайы мәз емес. Педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтарда психологияны оқуға өте аз сағат саны бөлінген. Бірақ жоғары оқу орындарындағы игерілетін мамандықтардың көп бөлігі болашақта адаммен, қоғаммен, ұжымды басқарумен тікелей байланысты «адам-адам» типті мамандықтар. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып тек білім беру саласында ғана емес сонымен қатар басқа да әскери, денсаулық сақтау, саясат салаларында да психологиялық мәдениеттің төмендігі туралы айта аламыз. Демек, психологиялық сауаттылық және психологиялық мәдениеттің жоғары оқу орын деңгейінде де маңыздылығы айқын. Өйткені әлеуметтік сана-сезім мен дүниетаным қалыптасқанда, болашақ кәсіби қызметке белсенді дайындық жүргенде, студенттік жаста психологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесі ерекше өзектілікке ие болады.

Мәдениет кең және тар мағынада қарауға болатын көп өлшемді және көп мәнді ұғым болып табылады. «Кең мағынада мәдениет халықтың немесе халықтар тобының өмірі, жетістіктері мен шығармашылығы көрініс жиынтығы болып табылады» [3, б.229]. Ал тар мағынада мәдениет адамның маңызды күштерінің дамуының кейбір деңгейі ретінде түсіндіріледі. Бұл тұрғыда мәдениет жеке адамның өмір сүру салтының, қоғамдық өмірдің құндылықтары мен нормаларына, қоғамдық мәдениеттің идеалды бейнесіне сәйкестік шарасы ретінде әрекет етеді. Мәдениет жайлы өмір стилі немесе өмір сапасы деп айтуымызға болады. Сонымен мәдениет тек қана мінез-құлқыты ғана емес, адамның бүкіл өмірін жан-жақты рухани реттеуші ретінде әрекет етеді [4, б.12].

И.А. Зимняя атап өткендей, «...жалпы мәдениет әлемге, өзіне деген қатынастың негізгі жоспарларының қалыптасқандығымен, тұрақтылығымен және олардың мінез-құлқындағы көріну сипатымен анықталады...Ол ішкі мәдениетті (такт, қадір-қасиетті, басқаларға деген құрмет, жауапкершілікті, өзін-өзі реттеушілікті) көздейді» [5, б.18]. Біздің ойымызша, бұл «ішкі мәдениет» ұғымы «психологиялық мәдениет» ұғымының нақ өзі, яғни, адамның субъект, тұлға және даралылық ретіндегі ішкі психикалық өмірінің анықталған сапасы. Сонымен, «*психологиялық мәдениет - адамның жалпы мәдениетінің ядросы*» болып табылады [4, б.19].

Психологиялық мәдениет - әлеуметтендірудің, білім берудің, тәрбиелеудің және өзін-өзі тәрбиелеудің өнімі. Оның қалыптасу заңдылықтары аз зерттелген, бірақ мектеп міндеттерінің бірі жалпы мәдениетті қалыптастыру болып табылады, демек, оның ішкі құрамдас бөлігі, яғни психологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Алайда,

психологиялық мәдениет тек әлеуметтену мен білімнің ғана емес, сонымен қатар адамның өз-өзімен ішкі жұмысының, өзінің өмірлік мүдделері мен қажеттіліктерін қоршаған әлем мен қоғамның мүдделерімен ұштастыру мен үйлестіру жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Ол адамның қоғамда тиімді және нәтижелі бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық механизмі, тұлғаның қоршаған адамдармен, мәдениетпен толыққанды және табысты өзара іс-қимылының шарты, адамның психологиялық денсаулығының детерминанты, кез келген адам қызметінің, оның ішінде білім беру сапасының факторы болып табылады. Сондықтан оның түп мәніне адамның психикалық және психологиялық денсаулығы, сондай-ақ оның тұрақты денсаулығын қамтамасыз ететін және психологиялық мәдениетін тәрбиелеу үшін алғышарттар жасайтын психологиялық білім кіреді.

Сонымен психологиялық мәдениет жалпы мәдениеттің өзегі болғандықтан оны білім берудің маңызды бір бөлігі деп тұжырымдаймыз. Ал тұлғаның психологиялық мәдениетін оның бала кезінен бастап дамуының, оқуының және тәрбиеленуінің нәтижесі ретінде қарастыратын болсақ, демек ол үздіксіз білім алу барысында өмір бойы жүретін үдеріс. Психологиялық мәдениет адам бойындағы ізгілік қасиеттерді, гуманизмді, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеру, психологиялық сауаттылық пен білімді және жалпы мәдениетті қалыптастырудың маңызды көрсеткіші болып табылатыны қаж.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Практическая психология образования / Под ред. И. В. Дубровиной. – М., 2000, –528 с.
3. Философский энциклопедический словарь. – М., 1997. – 575 с.
4. Крупник Е.П., Сизова Т.Б. Теоретические аспекты психологической культуры межличностных взаимодействий // Мир психологии, 2001, –№ 3, –С. 40-50.
5. Зимняя И. А. и др. Общая культура человека в системе требований государственного образовательного стандарта. – М., 1999. – 66 с.